

«Запорожье ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2024-2025 оқу жылындағы  
1-сынып пен даярлық сынып арасындағы  
сабақтастық жоспары

**Мақсаты:**

1-сынып пен даярлық сынып арасындағы оқу-тәрбие үдерісінде бірізділікті қамтамасыз етіп, оқушылардың мектепке бейімделуін жеңілдету және үздіксіз білім алу жүйесін құру.

**Міндеттері:**

- Даярлық сыныптағы білім мазмұнының 1-сынып бағдарламасымен үйлесімділігін қамтамасыз ету.
- Балалардың оқу, жазу, санау және ойлау дағдыларын жетілдіру.
- Балаларды психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан мектепке дайындау.
- Оқу мен тәрбие жұмысының үйлесімді әдістерін қолдану.

**Сабақтастық жоспарының мазмұны**

№	Айлар	Даярлық сынып мазмұны	1-сынып мазмұны	Әдістері мен іс-шаралар	Жауаптылар
1	Қыркүйек	Әріптермен және дыбыстармен танысу (сауат ашу негіздері).	Дыбыстарды анық айту, буынға бөлу, сөз құрау.	Әңгімелесу, ойын әдістері, визуалды материалдар.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
2	Қазан	Сандармен танысу (1-10 аралығында), геометриялық пішіндер.	Қосу мен азайтуды үйрену (1-10), логикалық есептер шығару.	Тәжірибелік тапсырмалар, логикалық ойындар, суреттерді қолдану.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
3	Қараша	Қарапайым мәтіндерді тыңдау және түсіну.	Әңгіме мазмұнын айту, мәтіннен негізгі ойды табу.	Мәтіндер оқу, сұрақ-жауап әдісі, шағын шығармашылық тапсырмалар.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
4	Желтоқсан	Қоршаған орта туралы түсінік (жыл мезгілдері, табиғат құбылысы).	Табиғат құбылыстары мен олардың себептерін түсіндіру.	Әңгімелесу, тәжірибелік жұмыс, мультимедиялық материалдар қолдану.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
5	Қаңтар	Қол моторикасын дамыту (қолөнер, сурет салу).	Әріптерді және цифрларды таза әрі дұрыс жазу.	Ермексазбен жұмыс, дәптерге жазу жаттығулары, түрлі-түсті сурет салу.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,

6	<b>Ақпан</b>	Ертегілер тыңдау және оларды рөлдік ойын арқылы көрсету.	Ертегі мазмұнын талдау, қысқаша қайта айтып беру.	Драматизация әдісі, рөлдік ойындар, топтық жұмыстар.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
7	<b>Наурыз</b>	Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерімен танысу.	Наурыз мерекесінің маңыздылығын түсіндіру, ұлттық ойындар ойнау.	Ұлттық тақырыптағы шығармашылық жұмыстар, мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
8	<b>Сәуір</b>	Ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар.	Логикалық есептер шығару, жеке шығармашылық жұмыстар орындау.	Пазлдар, жұмбақтар шешу, шығармашылық тапсырмаларды орындау.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер,
9	<b>Мамыр</b>	Балалардың даярлық сынып бойынша алған білімдерін бекіту.	1-сыныпқа қажетті базалық білім мен дағдыларды қалыптастыру.	Диагностикалық жұмыс, ата-аналармен кері байланыс, балалардың шығармашылық кеші.	Бастауыш сынып мұғалімі, тәрбиешілер, психолог

### Қосымша іс-шаралар:

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
<b>1. Бірлескен сабақтар өткізу:</b>			
	Даярлық сынып пен 1-сынып оқушыларын біріктіріп, ашық сабақтар ұйымдастыру.	Әр жартыжылдықта 1 рет	Тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімі
	Балаларды жаңа ортаға психологиялық тұрғыдан дайындау.	Әр жартыжылдықта 1 рет	Мектептің психологы
<b>2. Психологиялық бейімделу жұмыстары:</b>			
	Балалардың эмоционалдық жай-күйін бақылау.	Әр тоқсан сайын	Мектептің психологы
	Өртүрлі тренингтер мен ойындар арқылы бейімделу процесін жеңілдету.	Жыл бойы	Тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімі, мектептің психологы
<b>3. Ата-аналармен жұмыс:</b>			
	Жиналыстар өткізу арқылы балалардың жетістіктерін талқылау.	Тоқсанына 1 рет	Тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімі

	Мектепке дайындық деңгейін арттыруға арналған кеңестер беру.	Жыл бойы	Тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімі
<b>4. Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық:</b>			
	Даярлық сынып және 1-сынып мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу.	Жыл бойы	Оқу ісінің меңгерушісі, тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімі
	Сабақ жоспарлары мен әдістемелерді үйлестіру.	Жыл бойы	Оқу ісінің меңгерушісі, тәрбиешілер, бастауыш сынып мұғалімі

**Күтілетін нәтижелер:**

- Балалар мектепке дайындықтың барлық негізгі талаптарын меңгереді.
- 1-сыныпта бейімделу кезеңі жеңіл өтеді.
- Оқушылардың оқу мотивациясы және шығармашылық белсенділігі артады.
- Пәндік және психологиялық сабақтастық қамтамасыз етіледі.

Оқу ісінің меңгерушісі:

Абилова В.Ш.